Балалардың өмірі мен тәрбиесін ұйымдастыруды жоспарлау циклограммасы 38 апта

Білім беру ұйымы: «Дән» бөбекжайы МКҚК

Тобы: «Бөбек» әр түрлі жастағы тобы

Тәрбиешілер: Курманбаева А.Н.

Шулембаева Ж.С.

Балалардың жасы: 2, 3 жас.

Жоспардың құрылу кезеңі: 19.05.2025 жыл - 23.05.2025 жыл.

| Күн тәртібі | Дүйсенбі 19.05.2025 | Сейсенбі 20.05.2025 | Сәрсенбі 21.05.2025 | Бейсенбі 22.05.2025 | Жұма 23.05.2025 |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау. | Балаларды қабылдау: таңертеңгі сүзгі, балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу.<br>Балалар үшін қолайлы жағдай жасау. Ойын орталықтарындағы балалардың еркін ойындары, көктемгі ауа-райы, ойыншықтар, демалыс күндері, алдағы күндер туралы сөйлесеміз, балалардың тілектерін тыңдаймыз. (сөйлеу белсенділігін дамыту-сұрақтарға жауап беру, басқалардың сөйлеуін есту және тыңдау қабілеті, коммуникативті, ойын әрекеті арқылы)<br>Сөздік қоры: Сәлеметсіз бе, Сәлеметсіздер ме! | | | | |
| Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес әңгімелесу. | Ата-аналармен балалардың денсаулығы, ауа-райы, киінуі бойынша әңгімелесу. Баланың жағдайы, денсаулығы туралы, баланың үйдегі күн тәртібі туралы, тәрбиесі туралы жаңадан келген балалардың бейімделу кезеңі туралы сұрақтар бойынша ата-аналармен жеке әңгімелесу. | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті ( аз қимылды, үстел үсті ойындары бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар) | **Шаттық шеңбер** (музыка тыңдау-шығармашылық әрекеті арқылы айтылу сипатына сәйкес музыкалық қозғалыста.<br>Көк аспанда күн күлсін,<br>Бірге күлсін бүлдіршін.<br>Көк аспанда күн күлсін,<br>Жерге ұдайы нұр құйсын.<br>**Әңгімелесу:** «Көктем мезгілінің соңғы айы» (танымдық, ойын әрекеті арқылы қоршаған ортамен танысу.)<br>Міндеттер: Көктем мезгілі туралы, көктем мезгіліндегі ауа-райы туралы, құстар туралы әңгімелеседі. Көктем мезгілі несімен ұнайтынын айтады.<br>**Сөздік қоры:** көктем.<br>Еңбек: табиғат бұрышында, ойын бұрышында, шығармашылық бұрышында. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Міндеттері: табиғат бұршында қандай еңбек жасау керек екенін біледі. Балықтарды, гүлдерді күтуде тәрбиешіге жан-жақты көмек көрсете алады. Ойын бұршында тәртіп сақтайды және ойыншықтар жинауға көмектеседі. | | | | |
| Ертеңгілік жаттығу | № 38 Таңғы жаттығу кешені – (физикалық белсенділігін дамыту)<br>«Көңілді жаттығу» | | | | |
| Таңғы ас | Гигиеналық шаралар ( қолды дұрыс жуу, сүлгінің орын білу, қолды дұрыс сүртіу және сүлгіні іліп қою,<br>Тақпақ. (қазақ тілі-коммуникативтік, ойын әрекеті)<br>Кел күлейік,<br>Кел балалар, күлейік.<br>Күлкіменен түлейік,<br>Күлкі көңіл ашады.<br>Күліп өмір сүрейік.<br>(көркем сөзін қолдану)<br>Тамақтану балалардың назарын тағамға аудару: тамақтану мәдинетін тәрбиелеу бойынша жеке жұмыс , әдептіліке сақтау.<br>Балалардың ұқыпиылығын бағалау.<br>Сөздік қоры: Рақмет. | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетіне дайындық | Дидактикалық ойын: «Пішіндерді ажырат» (математика негіздері- ойын, танымдық әрекет)<br>Міндеті: Пішіндерді үйренеді, оларды ажыра алады. | Дидактикалық ойын: «Дауысынан тап» (сөйлеуді дамыту-коммуникативтік, ойын әрекеті)<br>Міндеті: үнтаспадан шыққан дауыстың не екенін табады. | Дидактикалық ойын: «Түрлі-түсті жолақтар». (сөйлеуді дамыту-коммуникативтік, ойын әрекеті)<br>Міндеті: түстерді атайды, салыстырады, берілген тапсырманы орындайды. | Дидактикалық ойын: «Топтастыр»<br>Міндеті: Балалар әртүрлі суреттерді ортақ атауына қарай топтастыруға дағдыланады. | Дидактикалық ойын: «Пирамида» (сөйлеуді дамыту-коммуникативтік, ойын әрекеті)<br>Міндеті: әр түрлі пішіндер арқылы пирамида құрастырады. |
| Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет | Сенсорика, математика негіздері<br>(2 жас)<br>«Түрлі түсті доптар» ойыны. | Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиеті.<br>(2 жас)<br>«Әр түрлі ойыншықтар» ойыны. | Дене тәрбиесі<br>(3 жас)<br>(дене тәрбиесі нұсқаушысының жоспары бойынша) | Сенсорика, математика негіздері<br>(2 жас)<br>«Ойыншықтарды ата» ойыны. | Музыка<br>(2 жас)<br>«Гүлдер» ойыны.<br>Міндеті: қарапайым би қимылдарын орындауға |

AnyScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Міндеті: көлемі бойынша әртекті заттарды салыстыру.<br>Сөздік қоры: доп.<br>(3 жас)<br>«Күн тәртібі» ойыны.<br>Міндеті: қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: күндіз-түнде.<br>Сөздік қоры: күндіз, түнде.<br>Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиеті.<br>(2 жас)<br>«Тостаған» ойыны.<br>Міндеті: жеке дауысты және дауыссыз дыбыстарды, дұрыс қайталап айтуға үйрету.<br>Сөздік қоры: тостаған.<br>(3 жас)<br>«Түлкі мен тырна» ойыны.<br>Міндеті: ересектермен бірге ертегілерді ойнауға ықпал ету. | Міндеті: ойыншық туралы сөздік қорларын қалыптастыру.<br>Сөздік қоры: ойыншық.<br>(3 жас)<br>«Ойыншықтармен көрініс» ойыны.<br>Міндеті: қарапайым көріністерді ойнауға ықпал ету.<br>Сөздік қоры: ойыншық.<br>Дене тәрбиесі.<br>(2 жас)<br>«Бұтадағы торғайлар» ойыны<br>Міндеті: балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойынға ынталандыру.<br>Сөздік қоры: торғай.<br>(3 жас)<br>(дене тәрбиесі нұсқаушысының жоспары бойынша)<br>Сенсорика, математика негіздері | (2 жас)<br>«Балапандар жүрісі» ойыны.<br>Міндеті: әртүрлі бағытта және берілген бағытта шеңбер бойымен жүру.<br>Сөздік қоры: жүру.<br>Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет.<br>(2 жас)<br>«Киімдер дүкені» ойыны.<br>Міндеті: киім туралы сөздік қорларын қалыптастыру.<br>Сөздік қоры: киім.<br>(3 жас)<br>«Ас бөлмесінде қандай заттар болады?» ойыны.<br>Міндеті: кейіпкерлерді сипаттау үшін дауыс ырғағының мәнерлі қарапайым тәсілдерін қолдану, таныс ертегілерді ойнауға және сахналауға ынталандыру.<br>Сөздік қоры: ас бөлме. | Міндеті: заттардың санын ажырату (біреу-көп).<br>Сөздік қоры: біреу, көп.<br>(3 жас)<br>«Не істейсің?» ойыны.<br>Міндеті: қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: күндіз-түнде.<br>Сөздік қоры: күндіз, түнде.<br>Қазақ тілі<br>(3 жас)<br>«Ойыншықтар дүкені» ойыны.<br>Міндеті: ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап беруге баулу.<br>Сөздік қоры: ойыншық.<br>Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет<br>(2 жас)<br>«Жемістер дүкені» ойыны.<br>Міндеті: балаларды | баулу.<br>Сөздік қоры: гүл.<br>(3 жас)<br>«Жапырақтар» ойыны.<br>Міндеті: балаларды музыкалық аспаптармен: сыбызғы, қоңырау, сылдырмақпен таныстыру.<br>Сөздік қоры: жапырақ.<br>Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет.<br>(2 жас)<br>«Кім не істеді?» ойыны<br>Міндеті: сын есімді зат есіммен етістіктің өткен шағымен байланыстыру.<br>Сөздік қоры: жүрді, секірді.<br>(3 жас)<br>«Дұрыс орында» ойыны.<br>Міндеті: жеке репликаларды, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу.<br>Сөздік қоры: секір, |

AnyScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Сөздік қоры: ертегі.<br>Қоршаған әлеммен таныстыру.<br>(2 жас)<br>«Бұл қай кезде болады?» ойыны.<br>Міндеті: табиғат құбылыстарына қызығушылық таныту.<br>Сөздік қоры: көктем.<br>(3 жас)<br>«Ережелерді сақтау» ойыны.<br>Міндеті: табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау.<br>Сөздік қоры: көктем. | (3 жас)<br>«Сағат» ойыны.<br>Міндеті: қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: таңертең-кешке.<br>Сөздік қоры: таңертең, кешке.<br>(2 жас)<br>«Ауыр. Жеңіл» ойыны.<br>Міндеті: өлшемі бойынша әртекті заттарды салыстыру.<br>Сөздік қоры: ауыр, жеңіл. | | зат есімнің көпше түрін қолдануға байланыстыру.<br>Сөздік қоры: жеміс.<br>(3 жас)<br>«Жемістерді ата» ойыны.<br>Міндеті: бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету.<br>Сөздік қоры: жеміс.<br>Дене тәрбиесі<br>(2 жас)<br>«Қонжықтар» ойыны.<br>Міндеті: қолдарын әртүрлі қалыпта ұстап, бір-бірінің қолдарынан ұстап, аяқтың ұшымен жүру.<br>Сөздік қоры: жүру.<br>(3 жас)<br>(дене тәрбиесі нұсқаушысының жоспары бойынша) | жүр.<br>Сенсорика, математика негіздері<br>(2 жас)<br>«Салыстыр» ойыны.<br>Міндеті: әр түрлі көлемдегі заттарды атау.<br>Сөздік қоры: машина.<br>(3 жас)<br>«Суреттерді салыстыр» ойыны<br>Міндеті: қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: таңертең-кешке.<br>Сөздік қоры: таңертең, кешке. |
| | Ұйымдастырылған іс-әрекеттер арасында сергіту сәттерін өткізу. | | | | |
| № 1 серуенге дайындық | Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық ойын жабдықтары мен спорттық жабдықтарды дұрыс пайдалану туралы балалармен әңгімелесу.<br>Балаларды реттілікпен киінуін ( ауа райына байланысты) бақылау (сөйлеу дамыту өзіне өзі қызмет көрсету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) | | | | |

AnyScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| № 1 серуен | Бақылау: құстарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу-зерттеу, еңбек әрекеттері)<br>Мақсаты: сауысқан, торғай, қарғамен танысады.<br>Қимылды ойындар: «Құстар мен мысық»<br>Мақсаты: жылдамдыққа үйренеді<br>Жеке жұмыс.<br>Қайталап атымды,<br>Көктемде ән саламын.<br>Кез келген ұяға<br>Жұмыртқа саламын. (көкек)<br>Ұшқаны қызық жалпылдап,<br>Өзі сондай қарқылдақ. (қарға)<br>Мақсаты: Жұмбақтар шешеді.<br>Еңбек: Телімді жинастыру.<br>Мақсаты: бірлесіп жұмыс жасайды. | Бақылау: күнді бақылау.<br>Міндеті: Күннің сәуле шашуын, жер бетін жылытуын бақылату.<br>Күннің көзі мен көлеңкедегі жердің қызуын салыстыру.<br>Қимылды ойындар: «Күн мен жаңбыр», «Кім түртті?».<br>Жеке жұмыс. Күн шыққанда екі-үш балаға жаттату<br>Май берейін, құрт берейін,<br>Күннің көзі шық,шық.<br>Алақай, алақай,<br>Күн шықты, күн шықты,<br>Жер үстіне нұр шықты.<br>Еңбек. Еріген суға жол ашу.<br>Көркем сөз. Арнау өлең оқу<br>Алақай, алақай !<br>Күн шықты, күн шықты,<br>Жер үстіне нұр шықты. | Бақылау: Жәндіктердің алғашқы жандануын бақылау. (қоршаған ортамен танысу-зерттеу, еңбек әрекеттері)<br>Мақсаты: Жәндіктер туралы біледі.<br>Қимылды ойындар: «Масаны ұстап ал»<br>Мақсаты: жылдамдыққа үйренеді<br>Жеке жұмыс.<br>Жәндіктер туралы жұмбақтар шешу.<br>Мақсаты: Жұмбақтар шешеді.<br>Тоқыған ауы – шыбынның жауы. (Өрмекші)<br>Ине бел, қылқа мойын, қара батыр,<br>Қара тауды арқалап бара жатыр. (Құмырсқа)<br>Толып жатқан тісі бар,<br>Ағашпенен ісі бар. (Ара)<br>Еңбек. Жәндіктерге нан қиқымын беру.<br>Мақсаты: көктемгі жәндіктерге қамқорлық танытады. | Бақылау: бұлттарды бақылау.<br>Міндеті: ауа райы туралы өз ойларын айтуға үйрету, кешегі күнгі ауа райымен салыстырып өзгешелігін айырып атауға жұмыстану.<br>Сөздік қоры: бұлт.<br>Қимылды ойындар: «Мысық пен тышқан», «Не өзгерді?»<br>Жеке жұмыс.Аспан туралы жұмбақтар шешу.<br>Еңбек. Телімдегі қағаз- қоқыстарды жинау.<br>Жұмбақ.<br>Желмен ұшып жетеді,<br>Желмен ұшып кетеді. (бұлт)<br>Жардай дәулер соғысты,<br>Жарқ-жұрқ етіп оқ ұшты.<br>(Бұлт пен найзағай)<br>Аспандағы көлеңке,<br>Жерге суын себеді.<br>(Бұлт пен жаңбыр) | Бақылау: күннің көзін бақылау. (қоршаған ортамен танысу-зерттеу, еңбек әрекеттері)<br>Мақсаты: балаларға күннің сәулесінің пайдасын түсіндіру , өсімдіктер мен жәндіктер, барлық тірі табиғат үшін маңыздылығын білгізу.<br>Қимылды ойындар: «Қояндар мен қасқыр», «Мысық пен тышқан» , «Күн мен түн»<br>Жеке жұмыс. 2-3 балаға жыл мезгілдерінің аттарын айтқызып үйрету.<br>Еңбек. Телімдегі ағаш қалдықтарын жинау.<br>Көркем сөз: Ақ сандығым ашылды,<br>Ішінен жібек шашылды.<br>(күннің көзі) |

SCAN AnyScanner

| | |
|---|---|
| Серуеннен оралу | Жүйелі түрде шешіну, киімді шкафқа салу, қолды жуу. |
| Түскі ас | Гигиеналық процедуралар ( қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу,қолды дұрыс сүрту және сүлгіні іліп қою<br>Сырттан келіп үнемі,<br>Сабынмен қол жуамыз,<br>Таза болды мұнтаздай,<br>Тағамға қол созамыз.( көркем сөзін қолдану)<br>Тамақтану балалардың назарын тағамға аудару : тамақтану мәдениетін тәрбиелеу бойынша жеке жұмыс, этикет ережелері.<br>Балалардың ұқыптылғын бағалау**.**<br>**Сөздік қоры:** Рақмет. |
| Күндізгі ұйқы | **Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру.**<br>Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды, өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Ұйқы кезінде бала басына көрпені жауып, мұрнын жастыққа көміп тастамауын, жастықта баланың денесі емес, тек басы жатуын қадағалау. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).**<br>**Ертегі оқу. «Батыл қоян»**<br>**Мақсаты:** Балаларға шын көңілден шаттық көңіл күй сыйлау.Балаларды ертегінің мазмұнын дұрыс түсініп, сұраққа жауап беруге үйрету. Ертегі кейіпкерлерінің іс — әрекетін сезіну және одан әсер алу, қызығушылық әрекетін қабілеттерін ояту.Ертегілер арқылы балаларды адамгершілікке,мейірімділікке және адалдыққа тәрбиелеу.<br>**(көркем әрекет-коммуникативті қызмет)**<br>**Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңда** |
| Біртіндеп ояну, сауықтыру шаралары | **№ 1 кешен:** Түскі ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары (дене жаттығулары), ауа, су емшаралары, жалпақ табандылықты болдырмау үшін түйіршікті және жұмсақ жолақшалармен жүру (дене белсенділігі). Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балаларды шаштарын тарауға үйрету (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).<br>Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету<br>Шомылған баланы,<br>Аймалап алады.<br>Сүртеді қолыңды,<br>Сүртеді жоныңды. **(мәдени-гигиеналық дағдылар).** |

AnyScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Бесін ас | Кезекшілердің жұмысы (асхана аспаптарын, салфеткаларды салу)<br>Гигиеналық процедуралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сүрту және сүлгіні іліп кою)<br>Сырттан келіп үнемі,<br>Сабынмен қол жуамыз,<br>Таза болды мұнтаздай,<br>Тағамға қол созамыз (көркем сөзін қолдану)<br>Тамақтану балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениетін тәрбиелеу бойынша жеке жұмыс; этикет ережелері; Балалардың ұқыптылығын бағалау.<br>**Сөздік қоры:** қолды жуу, сүлгі, ас болсын! | | | | |
| Балалардың дербес іс- әрекеттер | Дид.ойын: «Дөңгелек кілем» (3 жас)<br>(сурет салу, жапсыру, құрастыру, мүсіндеу-ойын, шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеті)<br>Міндеті: геометриялық фигуралардың (дөңгелек) ортасына, бұрыштарына дайын ою-өрнектерді жапсыру арқылы кілем жасау.<br>Сөздік қоры: кілем. | Дид.ойын: «Күн» (2 жас)<br>(сурет салу, жапсыру, құрастыру, мүсіндеу-ойын шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеті)<br>Міндеті: мүсіндеуге арналған материалдарды қолдану.<br>Сөздік қоры: күн. | Дид.ойын: «Көпір» (3 жас) (сурет салу, жапсыру, құрастыру, мүсіндеу-ойын, шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеті)<br>Міндеті: ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға баулу.<br>Сөздік қоры: көпір. | Дид.ойын: «Түрлі түсті доптар» (2 жас) (сурет салу, жапсыру, құрастыру, мүсіндеу-ойын шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеті)<br>Міндеті: фланелеграфта доптарды орналастыруды қорытындылау.<br>Сөздік қоры: доп. | Дид.ойын: «Тарақ оюы» (3 жас) (сурет салу, жапсыру, құрастыру, мүсіндеу-ойын, шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеті)<br>Міндеті: қазақ ою-өрнектерінің қарапайым элементтерін қайталап салуға баулу.<br>Сөздік қоры: ою. |
| Балалармен жеке жұмыс | Балалармен жеке жұмыс жеке карталарға сәйкес жүргізіледі: әңгіме, дидактикалық ойындар, сөйлеудің дыбыстық мәдениеті, байланыстырып сөйлеу, бейнелеу өнері арқылы шығармашылық қабілеттерін дамыту және т.б.( сөйлеудің дамыту, математика негіздері) | | | | |
| | Ойын: «Пирамида» | Ойын «Өзім және | Ойын: «Топтастыр» | Ойын: «Сиқырлы | Ойын: «Экологиялық |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | (сөйлеуді дамыту-коммуникативтік, ойын әрекеті)<br>Міндеті: әр түрлі пішіндер арқылы пирамида құрастырады.<br>3 жас<br>Айдарбек Болатхан<br>Гуменяк Милана<br>Жұматай Шах-Керім<br>Тағар Темірлан | отбасым» (сөйлеуді дамыту-коммуникативті әрекеттері)<br>Міндеті: Отбасындағы қарым – қатынас мәдениеті туралы түсінеді.<br>2 жас<br>Амангелді Алуа<br>Жакупбекова Аиша<br>Тасболат Ұлан<br>Кабиева Амина | (математика негіздері- ойын, коммуникативтік әрекет)<br>Міндеті: Балалар әртүрлі суреттерді ортақ атауына қарай топтастыруға дағдыланады.<br>3 жас<br>Слипченко Макар<br>Курманбаев Нияр<br>Есен Бекзат<br>Әліхан Азалия<br>Ержан Батыр | қалта» (сөйлеуді дамыту-коммуникативтік әрекеті)<br>Міндеті: сөздерді дұрыс, анық айтуға, дұрыс айтуға жаттықтыру.<br>2 жас<br>Пинчук Ростислав<br>Жанмұрат Дәмелі<br>Қанат Дарын | бағдаршам» (музыка-шығармашылық, ойын әрекеті)<br>Міндеті: табиғат сұлулығын көріп, сезіне біледі, оны қорғай білуге тәрбиеленеді.<br>3 жас<br>Досанов Ислам<br>Утенова Тамила<br>Хажбатыров Джохар<br>Закревская Лиана |
| Кешкі ас | Гигиеналық процедуралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сүрту және сүлгіні іліп қою, Үлкендердің – көмекшінің, мұғалім мен аспаздың еңбегін құрметтеп, бағалауды үйренеді.<br>**Сөздік қоры:** Рахмет.<br>Сырттан келіп үнемі,<br>Сабынмен қол жуамыз,<br>Таза болды мұнтаздай,<br>Тағамға қол созамыз (көркем сөзін қолдану)<br>Тамақтану балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениетін тәрбиелеу бойынша жеке жұмыс; этикет ережелері; Балалардың ұқыптылығын бағалау. | | | | |
| № 2 серуенге дайындық | Серуенге қызығушылықты арттыру.<br>Балалардың реттілікпен киінуі, серуенге шығу, топтық ережелерді қайталау<br>«Киімді қалай киюге болады?» әңгіме<br>Киімдердің тазалығын сақтау қажет. Киінгенде киімнің түймесінің дұрыс қадап, көйлекті шалбардың немесе юбканың ішіне салынғанын қадағалау керек. Шұлықтың, аяқ киімнің оң киілуіне баса назар аудару керек.<br>(Сөйлеуді дамыту-коммуникативті қызмет) | | | | |

AnyScanner

<table>
<tr><td rowspan="2">№ 2 серуен</td><td colspan="5">Ауа-райы құбылыстарын және табиғи объектілерді бақылау (қоршаған ортамен танысу, танымдық және зерттеу әрекеті), әңгімелесу (сөйлеуді дамыту), ересектердің көмегімен ұйымдастырылған спорттық, қимылды және ұлттық ойындар (дене белсенділігі), еңбек әрекеті.</td></tr>
<tr><td>Қимылды ойын: «Ақ сандық, көк сандық»<br>Міндеті:шапшаң, жылдам болуға дағдыланады.<br>(дене қозғалысы)</td><td>Қимылды ойын: «Мысық пен тышқан»<br>Міндеті:шапшаң, жылдам болуға дағдыланады.<br>(дене қозғалысы)</td><td>Қимылды ойын: «Кім жылдам?»<br>Міндеті:шапшаң, жылдам болуға дағдыланады.<br>(дене қозғалысы)</td><td>Қимылды ойын: «Не өзгерді?»<br>Міндеті: ойын мазмұнына сай қимылдар жасайды, шапшаң, жылдам болуға дағдыланады.<br>(дене қозғалысы)</td><td>Қимылды ойын: «Мысық пен құстар»<br>Міндеті:шапшаң, жылдам болуға дағдыланады.<br>(дене қозғалысы)</td></tr>
<tr><td>Балалардың үйлеріне қайтуы</td><td colspan="5">Ата-аналармен жұмыс: балалармен жасаған жұмыстар туралы әңгімелесу.<br>Сөздік қоры: Сау болыңыз!</td></tr>
</table>

19.05.25 жоспар тексерілді;
кеңес берілді
Капасова А. С